

"Республикалық референдум туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 мамырдағы № 119-VII ҚРЗ.

1-бап. "Республикалық референдум туралы" 1995 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 3-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттің тәуелсіздігін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, Республика қызметінің түбегейлі қағидаттарын өзгерту;"

2) 28-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "сызылып тасталмаған" деген сөздер " белгіленбеген" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "сызылып тасталған" деген сөздер "белгіленген" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 29-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азамат дауыс берген кезде өзі дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгіні қояды."

2-бап. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ